

Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 мамырдағы "Техникалық-экономикалық негіздемелерді; жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптап жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" N 149/5 қаулысына (2004 жылғы 24 мамырда әділет департаментінде N 2505 болып тіркелген) өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 214/7 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 3 қыркүйекте N 2698 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 152/6 қаулысымен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 152/6 қаулысымен.*

Жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 6 маусымдағы 78 нөмірінде жарияланған облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 мамырдағы "Техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" N 149/5 қаулысына (2004 жылғы 24 мамырдағы МТН 2505) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-тармақта "білім беру" деген сөздерден кейін "және денсаулық сақтау" деген сөздермен толықтырылсын.

*Облыс әкімі*

*Қ. Нұрпейісов*

Облыс әкімдігінің

2004 жылғы 26 тамыздағы

"Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17

мамырдағы "Техникалық-экономикалық

негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын

әзірлеуді және сараптау жүргізуді

қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық

жобалардың тізбесін бекіту туралы

№ 149/5 қаулысына (2004 жылғы 24 мамырда әділет департаментінде № 2505 болып тіркелген) өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" № 214/7 қаулысына қосымша

**Техникалық-экономикалық негіздемелерді, жобалау құжаттамаларын әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру үшін жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесі**

№ р/с	Жобаның атауы	Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және сараптау жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3
<b>Облыс білім департаменті</b>		
1	Лебяжі ауданы Ямышев ауылындағы 260 орындық мектептің құрылысын салу	3783,0
2	Шідерті кентіндегі (Екібастұз қаласының ауылдық аймағы) 600 орындық мектептің құрылысын салу	11697,0
3	Май ауданы Көктөбе ауылындағы мемлекеттік тілде оқытатын 350 орындық мектептің құрылысын салу	5197,0
4	Павлодар қаласындағы мемлекеттік тілде оқытатын 1078 орындық мектептің құрылысын салу	1614,0
5	Павлодар қаласындағы № 3 мектеп-гимназиясына 420 орындық жапсаржай құрылысын салу	6297,0
6	Лебяжі ауданы Жабағылы ауылында 80 орындық мектептің құрылысын салу	1500,0
<b>Облыс денсаулық сақтау департаменті</b>		
7	Павлодар қаласында 210 төсектік туберкулезге қарсы диспансердің құрылысын салу	11097,0
8	Баянауыл ауданы Октябрь ауылындағы фельдшерлік пункт ғимаратының құрылысын салу	100,0

9	Кенжекөл ауылында (Павлодар қаласының ауылдық аймағы) ауылдық дәрігерлік емхананың құрылысын салу	1000,0
10	Қаширы ауданы қашыр ауылындағы 35 төсектік туберкулезге қарсы аурухананың (екінші кезеңін аяқтау) құрылысын салу	2900,0
11	Облыстық онкологиялық диспансерге сәулелі терапия бөлімінің жапсаржай құрылысын салу	1500,0
	Жиыны	46685,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК